

Әлім Ә.А., Нұржанова Ш.С.

Журналист пен қаламгердің өзіндік стилінің қалыптасуына негіз болатын критериилер

Стиль – көркем шығармада образ жүйелерін құру әдістері. Суреткердің шығармасындағы дүниеге көзқарасы, алдына қойған мақсаты, өмір түсінігі мен дүниетанымын ашатын түрі мен мазмұн бірлігі. Көркемдік компоненттерді екшеп, түр ерекшеліктерін талғап, таңдап өз қажетіне асырып, мазмұн байлығын тереңдете түсуде қолданатын тәсіл – суреткердің стильдік ерекшелігі.

Көркем әдебиет пен журналистикада тіл шұрайлылығын, бейнелер жүйесін, көркемдік компоненттердің қиюласу тәсілдерін ашып алмайынша, бір бағыт, бір арнадан көрінетін тақырыптас шығармалардың, мақалалардың өзара айырмашылығы да, суреткер мен журналистің стиль ерекшелігі де онша байқалмайды.

Түйін сөздер: журналистика, көркем әдебиет, стилистика, шынайылық, шеберлік, тіл нормасы, ауызекі сөйлеу стилі, жазба стиль.

Alim A.A., Nurzhanova Sh.S.

The main criterion in formation proper style of journalists and writers

Style is a method of formation appearances in fiction literature journalists or writer's peculiarity of style is to sort out the fiction components.

Journalists peculiarity of style, differences of the articles will be unnoticed, if they don't define fiction components.

Key words: journalist, literature, stylistic, artful, skill, language standard, colloquial style, written style.

Алим А.А., Нұржанова Ш.С.

Критерии формирования собственного стиля у творческих личностей

Стиль – это создание образных систем в художественном произведении. В творчестве публициста понятие и взгляды на жизнь, при установлении цели, формируются через единение мировоззрения. Способы публициста в написании, использовании художественных приемов, в выборе особенных литературных видов, углубление в целях обогащения смыслового содержания в случае необходимости образуют его собственный стиль.

В художественной литературе, как и в журналистике, прослеживается общность тем произведений, отличие между ними представлено в одном направлении. Пока не определяются методы сочетания богатства языка, систематичности образов и художественных компонентов, не будут заметны и стилевые особенности журналиста и писателя.

Ключевые слова: журналистика, художественная литература, стилистика, реалистичность, мастерство, нормы языка, стиль устной речи, письменный стиль.

**ЖУРНАЛИСТ ПЕН
ҚАЛАМГЕРДІҢ
ӨЗІНДІК СТИЛІНІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНА НЕГІЗ
БОЛАТЫН
КРИТЕРИИЛЕР****Кіріспе**

Суреткер – идея мен көркемдік компоненттерді жинақтап, әдебиеттің әдіс-тәсілдерін ашып, өзінің қалам мәнерін танытады. Стилист – әдеби стиль өнерін, тәсілдерін меңгерген тұлға, кезінде Аристотель стильдің айқын болуының бес шартын ұсынған:

- a) Жалғаулық пен демеулікті дұрыс қолдану.
- b) Сөйлемдерді алыстан орағытып, ойды түсіндіремін демеі, айтайын дегенді дәл атау.
- c) Екіұшты мағыналы сөздерді қолданудан сақтану.
- d) Сөздердің аталатын мәтіндерін дұрыс қолдана білу.
- e) Әңгіме көп адам немесе бір адам туралы ма, соны аңғартатын сан есім жалғауларына сақ, мұқият болу.

Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдарының тұтынушылары журналистік мәтіннен білім көкжиегін, ақпарат және шынайы мәлімет алуға ынталы, мыңдаған адам олардан жалпы, арнаулы білім алумен қатар, сөз шеберлігін, сауаттылықты, сөзден сөйлем құраудың жақсы үлгілерін де үйренуге әрекет жасап жүр.

«Қазақ әдебиеті» газетінің шыға бастаған қуанышына арналған Мұхтар Әуезовтің «Сәт сапарға дос ниет» деген мақаласында ол әдебиетке: «Анық өскелең сапаға ие болған өнерлі әдебиет – сөз жұртының тіл өнері жөніндегі тәрбиешісі, көмекшісі. Әрбір жеке ірі шығарма тәрізді жеке баспа орны да өз оқырманын тіл өнеріне тәрбиелейді. Біздің газетіміз ойдағыдай сапалы тілмен шығып тұрса, оқушыны, жас қаламгер мен жазушыларды шешендікке, орамды тіл шеберлігіне баулиды». Оқырманға ондай тілдік тәрбие беретін баспасөз бетінде, радио, телевизия хабарларында әдеби тілдің өнегелі үлгілері аз емес. Мысалы, «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген Абай қағидасын жақсы ұғынған М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сияқты сөз шеберлерінің шығармалары тіл өнерін үйренемін деушілердің мектебі болып отыр.

Журналистикаға келсек, практик журналистердің «журналистика – көркем әдебиет емес» дегенді кесіп айтуы, олардың көркем әдебиет болып саналатын қазақ классикалық туындыларын оқығанда, ана тіліміздің шұрайлылығын қанымызға

сіңгенде ғана жақсы мақала туатынын ескермей жатамыз. Журналист әдемі айтылатын, сирек кездесетін сөздің соңында жүріп, мақаланың сыртқы формасы жылтыр, оқырманға еш дерек бермейтін көпірме шешендікке ұрынуы да әбден мүмкін.

Журналист оқырманға өз мақаласындағы шынайы фактілерден құралған картинаны дәл, әрі әсерлі етіп ұсынуы барысында мағыналық салмағы басым, дөп түсетін етістіктерді пайдаланғаны жөн, оқиға ортасында жүргенде өзіңіз қандай әсерде болдыңыз, міне осындай оқиғаларды суреттеу үшін біз көркем әдебиетке жүгінуімізге тура келеді, өйткені оқып отырған адам да сіз кешкен күйді басынан кешуі үлкен шеберлікті талап етеді, жеңіл, әрі тез оқылады, сондықтан мұндай жағдайда, сөйлемді жеті-сегіз сөзден асырмаған дұрыс. Түсініктіліктің негізі – қарапайымдылықта, бұл туралы орыс жазушысы Л. Н. Толстой «Простота – необходимое условие прекрасного» «Қарапайымдылық – әсемдіктің бір шарты» дейді.

Материалдың қызғылықты, тартымды, юморлық элементтермен, эстетикалық әсер беретін тілмен баяндалған мақала өз өзектілігін жоймайды, мұндайда, сын есімдерді өз орнымен пайдалану да артық етпейді, мәселен, адамның мінезін ашу барысында «қатал кісі» дегеннің орнына, осы мінезін танытатын детальға жүгіну дұрыс, өйткені кез келген сипаттама детальмен ашылады.

Егер материалыңызда калька: «қалтасы қалың ағалар», «ұлт жанашыры», «нәпақасын тауып жүр», «көкек, безбүйрек аналар», «балық басынан шіриді», «өзіміздің қаракөз қыздарымыз» деген жаттанды сөздер естие жауыр болған сөздерге жатады, сәнге айналған терминдерден де алшақ жүрген дұрыс, өйткені адамның интеллектісі ауыр териндердің көптігінен емес, материалдың сапасынан көрінеді, екі-үш сөйлемнен аспайтын цитата келтіру де мақалаңызға көрік береді.

Кең аңғарлы әдебиетімізде тілге шорқақ болмаса да, тіл мәдениеті төмен шығармалар кездесіп жатады.

Мұхтар Әуезов айтқандай, «... тілдегі жетіспеген олқылық, олақтық, дәмсіз, нәрсіз, сұрғылт жүдеулік пен штамп тәрізді арзан қолды схемалық көп болса, сондай міндерді де түзей отыру керек».

Осындай міні көп кітаптың бірі Кәмен Оразалиннің «Жексен» деген кітабы, көркем сөз күйін шертемін деп жасандылыққа салынған сол автордың кітабынан: «Анна Ивановна... екі

иығын тонына сұғылыстырыңқырап түймесін салды. Қала қардың астында, мойнына шейін көміліпті.

– Анна, Анна! – деген қырылдаңқы дауыс естілді. Бодамдағы қысқа кендір арқанын беліне мықтап буды. Айғай-шу бәрі құлағына дыбырласып жамыралы... Бірақ осының бәрі көңілге көрінген елес қана болатын. Тұншықтыра басқан жуан қол Аннаны мегдетті, басы төмен тұқырып астына айналып еді. Аннаның да қолы жан-дәрмен оның алқымына жабысты. Әйелдердің ешкімі де қайта жауап қайырған жоқ. Ыстық сорпа Рейхнаудың кенезесін кептірді. Сүйірленіп біткен қоңқақ танауы таңғы тамақтың жақсы иістерін тегіс жинап алды».

Бұл мысалдағы сөздер дәрекі, тіркестері шәлкес, яғни әдеби тілді пайдалануда бұдан артық олақтық жоқ шығар [1].

Келешегінен көп үміт күтетін бір жас автор «қырық құлаш қыл шылбырдан аттың мойнына тұзақ салды» депті, осы бір сөйлемде екі қате бар: біріншіден, қыл шылбыр құлаш болмайды, қыл арқан қырық құлаш болуы мүмкін, екіншіден, қазақ аттың мойнына тұзақ емес, бұғалық салады, тұзақты құсқа құратыны дәстүрде бар дүние.

Қазақ тіліндегі мәндес сөздердің бәрі бірдей әдеби, қолдану аясы кең бола бермейді.

Негізгі бөлім

Журналист өз мәтінінде әрбір синоним қатарына мән беру керек, яғни ондай сөздер жазған мәтінде де, ауызекі сөзде де, стильдік өң алып тұрады, мәселен, «түрінді көру» сөзі, осы сөздің синонимдік қатары «жүзінді көруге ынтықпын», «дидарынды көруге асықпын», яғни, «дидар» сөзі – эмоциялы, поэтикалық сөз, оның қолданысы да әр түрлі, мәселен, бұл сөздің қолданысы «түр, пошым» түрінде ақпараттық жанрларда көрініс тапса, «дидар, жүз» тек көркем-әдеби жанрларда ғана өз орнымен үйлеседі.

Стилистиканың ауқымы кең, қоғамдық қатынас құралы ретінде тілдің түрлі салаларда қолданылу ерекшеліктерін зерттейтін стилистиканың: ауызекі сөйлеу, кеңсе қағаздарының тілі, публицистикалық, ғылыми, әдеби стильдер деген салалары бар.

Орыс әдебиеттанушы В.В. Виноградовтың еңбектерінде: «Стилистика стильдік құбылыстарды сол тілдің жалпы заңдарына, грамматикалық, семантикалық құрылымына орай зерттейді, яғни, стиль – бір-бірімен әртүрлі

формалық құрылымдық элементтердің іштей тұтас, бірыңғай жүйесі» делінеді, демек, әр журналист шығармаларындағы стиль – тілдік сипатты ерекшеліктердің жиынтығы ретінде ғана көрінеді.

Журналист тіл мен стильді теориялық тұрғыда меңгеріп қана қоймай, практикалық тұрғыда өз туындыларында шебер қолдана білсе, белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді.

Журналист үшін тіл мен стильді жетік меңгеріп, оларды шебер, әрі орнымен қолдана білу өте маңызды. Ол жеке стилін ашып, көрсету арқылы, шығармашылығындағы басты сипаттарын дөп басып, жетістіктері мен кемшіліктерін ажыратады, журналистиканың әр жанрының өзіне тән стилі мен тілі болатынын ұмытпау керек және осы салада әріптестеріміз мәтіндерін қиыннан қиыстырып, әсірелеп жазғанды, жасанды сөз тіркестерін орынсыз пайдалануды ұнататындығы жасырын емес.

Мәселен, ауызекі әңгімеде «бүгін жаңбыр жауатын сияқты» деп айтамыз да, мемлекеттік телеарналардың ауа-райы анонстарында «жауын-шашын болады деп күтілуде» дегенді жиі естиміз. Заметканы «ауылшаруашылығы саласына берілетін несиенің жылдық пайыздық мөлшері 5 пайыз екен», «бұл ЖШС-ның үлесі – 25 пайыз» дегеннің орнына «менің үлесім пәленше пайызды құрайды» деп жазып қоямыз.

Екеуара әңгімеде «үстіміздегі жылы менің ұлым мектепке барады» демей, «биыл балам мектепке барады» дейсіз, онда неге тура солай жазбасқа немесе айтқанда «танысып қой, мынау менің досым» дейміз де, жазғанда «...досым болып табылады» дегенді қосып жазамыз.

Қазақ тілінде жазатын болғаннан кейін мүмкіндігінше қазақи ұғымнан ауытқымауға тырысу керек, мәселен осы тактиканы журналистикада сәтті қолданатын журналист Сәкен Сыбанбай, сұхбат алу барысында, «Пәленше Түгеншеұлы» деп басталатын қаратпа сөзді қолданбауға кеңес береді, қазіргі жаңа нано-технология ғасырында таныстырудың түрлі жолдары бар.

Қазіргі кезде филологтар мен журналистер 60-70 жылдардағы әдеби тілді дамыта отырып, оны бүгінгі күннің тілдік нормасына сыйғызу мәселелерін зерттеу үстінде. Бүгінгі күні олар тілді нормаландыру барысында, тілдің икемділік қасиетін жоятын сөздерді, сірідей сірестіріп қоюмен күрес жүргізуде, сөз қолданысы туралы рецепт беру мүмкін емес, оны әр журналист орысша айтқанда, «со своей вышки», яғни өзінің білім көкжиегіне қарай төселеді.

Қатынас құралы болып қалыптасқан тілге реформа жасау мүмкін емес, бірақ, оны әдеби нормаға түсіріп байытуға, жақсартуға, икемді етуге болады, тілдегі бірқатар сөздердің, сөз тіркестерінің құрылысы дәл осы күнгі логикалық ой тұрғысынан үйлесімді болмауы да мүмкін, бірақ, бұл сөздер қазіргі тілдік санада орнықты орын алып, ойымызды мақсатты, дұрыс айтуға жарап жатса, оны өзгертудің керегі жоқ. Мәселен, «жұмыс істеп жатыр» немесе «қолын тістеп алды» сөздер құрамын бөліп қарасақ, ондағы сөздер пәлендей логикалық байланыста тұрмағанын байқауға болады, жұмыс «істеу» мен «жатыр», «тістеу», «алды» етістіктерінің бөлек тұрғандағы мағыналары бір-бірімен мүлде үйлеспейтінін байқауға болады, сөздерді түрлендіріп тұрған жалғаулар мен жұрнақтардың рөлі ерекше, сонда да, халық тілінде олардың бірін екіншісіне көмекші етіп, ерекше қызметте, жаңа мағынада жұмсалып қолданыста.

Журналистикада сырттан келген, яғни шет сөздердің тілдік нормаға енуі туралы Ресей кітаптанушысы, филолог Н.М. Сикорский «Теория и практика редактирования» оқу құралында Г.В. Плеханов еңбектерін тіл мен стиль тұрғысынан түзету үшін марксизм теориясын насихаттаушы В.Н. Лениннің: «Уменьшение «экономического значения» мелких производителей – слишком абстрактный термин, последствия кризиса – относительное и абсолютное ухудшение положения. Не лучше ли указать прямо: безработица, нищета рабочих и мелких производителей», яғни ол қалам ұстаушыларды екіұшты ойлы сөздерден алшақ жүруге және іс-қағаздар тілінің шаруадан, бай-шонжарларға дейін түсінікті, қарапайым болуы керек екендігін: «пара лет, клеймят безумием» не по русский, длинные фразы с повторением необходимо переделать в короткие, слог весь, по-моему, надо переделать и сделать более популярным, для сего переписать все заново, сознаюсь, что если меня употребление иностранных слов без надобности озлобляет, ибо это затрудняет наше влияние на массу, то некоторые ошибки пишущих в газетах совсем уже не могут вывести из себя. Не пора ли объявить коверканью русского языка».

Жазушы, журналист, ақынның сөз қолданыс ерекшеліктері олардың өзіндік стильдерін қалыптастырады, мәселен, Б. Майлин еңбектері синтаксисінде тұжырымдап, дәлме-дәл құрастырылған сөйлемдер көріктеу, көркемдеу тәсілдері арқылы, әсіресе метафоралық тіркестермен көп берілген.

М. Әуезовтің синтаксисінде ой қазбаланып, жан-жақты қамтылу көзделетіндіктен, сөйлемдері күрделенген, зілді келеді, мақал, мәтел, теңеу, метафора сияқты көріктеу амалдарының қатарында бірыңғай мәндес сөздерді ұластырып жұмсау жиі кездеседі. Мысалы: «Қораның ішінде Құнанбайды қоршаған кәрі-жас Ырғызбайлардың киім сәні бөлекті және қаладағы саудагер, имам, қалпелердің сәлделі, шапанды, құндыз бөрікті, байлық, барлық көріністері де басқа... Ол екеуі қажып-талған түрлерімен, ашаң, жүдеу жүздерімен өзгеше сұп-сұр, көнетоз, жыртық киімдерімен, ерекше бір азап дүниесінен келгендей».

Жазушы Ғ. Мүсіреповтің синтаксисінде шашау шыққан сөздер болмайды, бәрі логикалық байланыста, әрқайсысы өз орнымен тұр, сөйте тұра ол, өзіне ғана тән, езу тарттыратын, жеңіл әзіл-оспақтарды жиі қолданады.

Журналистика да, әдебиет те тіл мәдениетінің берекесін қашыратын табиғи, жалпы халықтық, ұлттық нақыштың тұрқын қашыратын жаман, әдепсіз сөздерді пайдалануға қарсы, мәселен, Есқара Тоқтасыновтың шығармаларында қарбыздай, сақаба, дүңкіл, шартта-шұрт сөздерін, қазақша айтқанда, «басын жарып, көзін шығарып» жұмсау деп білеміз. Мақаланың зерттеу объектісі – әдебиет пен журналистикада тіл ұстарту, сөз өнері мәдениетінің қолданыс аясы, стилистика, тілдік норманың заңдылықтары.

Қорытынды

Әр журналистің, жазушы-қаламгердің шығармашылыққа келу, алғашқы жетістіктерге жету, шеберлік тұғырына көтерілу жолы әрқилы. Кез келген қаламгердің шығармашылық жолға келуіне, алғашқы жетістіктерге жетуіне оның

өз күш-жігерімен қоса, қандай да бір тұлғаның әсер етуі әбден мүмкін. Сондықтан дарындылық пен жаңашылдық көктен түсе қалмайды. Оның бәрі өзінен бұрынғы үлгіге сүйеніп, тың ізденіс пен талпыныстан туады. Ол үшін әрине, ең алдымен, қаламгер бойында табиғи қабілет, көркем әдебиетке сүйіспеншілік қасиеттері болу керек. Бұл қасиеттер қаламгердің өз ізденісімен кеңейеді, қалыптасады.

Өзінің сара жолымен дараланған сондай журналист Жанболат Аупбаев. Жанболат Аупбаев мақалаға арқау болар өмірлік объекті немесе оқиғаның маңызды, мәнді әрі сыр-құпияға толы бояуы оның қоғамдық-әлеуметтік өткірлігін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге уақыт, дәуір шындығын ашып көрсетуде тапқырлық танытады. Журналист еңбектерінің кепікерлері тылсым табиғат тіршілігіне қатысты (теңіз бен жер, тау мен тас, т.с.с) кейіпкерлерден бастап өмірлері жүрек тебіренерлік сәтке толы адамдармен аяқталады. Ол – публицистикасының, соның ішінде қыры мен қиындығы мол очерк жанры тілінің іргетасын қалаушылардың бірі. Журналист тілі дегенде, ең алдымен, ойға оралатыны оның суреттеу шеберлігі мен көркемдік әдістерінің өзіндік ерекшеліктері туралы әңгіме болмақ. Жанболаттың өзіне тән қалам ұшқырлығы оның шығармашылық даралығын айқындайды десек, кейде қаламгерлік биіктігін де таныта түседі.

Сөз мақсаты – сөйлеу емес, сөзбен сурет салу десек, ол болмыстағы оқиғалардың қалың тобының арасынан таңдап, талғап алған шындық құбылыстың оқырман жүрегін елжіретіп, сезімін қатар отырып суреттейді [2].

Ұлттық журналистикаға қызмет етуші тәжірибелі журналистер өзіндік стилі мен қолтаңбасын осындай жолдармен қалыптастырады.

Әдебиеттер

- 1 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті: оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 79 б.
- 2 Жақсылықбаева Р. Публицистің шығармашылық шеберханасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 132 б.

References

- 1 Balaqaev M., Serǵaliev M. Qazaq tiliniñ mädeniети: oqwlıq – Almatı: Ziyat Press, 2006. – 79 b.
- 2 Jaqsılıqbaeva R. Pwblıciстіñ şıǵarmaşılıq шеberxanası. Oqwlıq. – Almatı: Qazaq Ünıversiteti, 2011. – 132 b.